

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы		
«Анатомия, физиология және патология» пәндері бойынша модульдік оқу бағдарламасы		044-81/11 24 беттің 1 беті

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
 «Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы» АҚ жанындағы
 медицина колледжі



МОДУЛЬДІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Курс: 1 курс

Семестр: I семестр

Қорытынды бақылау түрі: емтихан

Барлық сағаттардың/кредиттердің жалпы жүктемесі KZ- 144 сағат/6 кредит

Аудиториялық – 44

Симуляциялық – 100

Шымкент, 2023

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/11
«Анатомия, физиология және патология» пәндері бойынша модульдік оқу бағдарламасы		21 беттің 2 беті

«Морфологиялық пәндер» кафедрасының «Анатомия, физиология» модулі бойынша модульдік оқу бағдарламасын әзірлегендер:

Кафедрасының анатомия оқытушысы: Каримжанова Д.Б
 Кафедрасының физиология оқытушысы: Қожабекова А.С

Мамандығы: 09130100- «Мейіргер ісі», Біліктілігі: 5AB09130101 -«Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» мамандығы бойынша оқу жұмыс жоспарының негізінде әзірленген.

«Морфологиялық пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды және ұсынылды

Хаттама № 1 «1» 09 2023 ж.

Кафедра меңгерушісі: [Signature] Ералхан А.Қ.

ПЦК мәжілісінде қаралды

Хаттама № 1 «04» 09 2023 ж.

ПЦК төрайымы: [Signature] Темир И.О.

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы

медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді

Хаттама № 2 «5» 09 2023 ж.

Төрайымы: [Signature] Мамбеталиева Г.О.

1.1. Кіріспе

Анатомия пәнін білу медициналық мамандықтар бойынша білім алып жатқан студенттер үшін міндетті болып табылады. Анатомия-адамның пішінін, құрылысын, пайда болуын,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/11
«Анатомия, физиология және патология» пәндері бойынша модульдік оқу бағдарламасы		21 беттің 3 беті

дамуын зерттейтін ғылым. Анатомия денедегі ағзалар мен бөліктердің жасқа, жынысқа байланысты және жеке ерекшеліктерін ескере отырып олардың пішіндерін, құрылымын, топографиялық қатынастарын жүйелі түрде қарастырады. Анатомия медициналық білімнің негізін қалайтын пән.

Физиология – дені сау адамның тіршілік ету механизімін зерттейтін ғылым.

Патологиялық үрдістер мен аурулардың пайда болуы себептері, даму механизмдері, олардың морфологиялық және функциялық көріністері, нәтижелері мен асқынулары туралы білім беру.

Дені сау адамдардың организімін тікелей оқу болашақ мамандарға зерттеудің клиникалық тәсілдерін тезірек меңгеруге мүмкіндік береді.

1.2. Модульдің мақсаты: адам анатомиясын оқыту барысында, адамның өмір сүру жағдайы мен жұмысы ескеріледі, өйткені пәнді оқыту мақсатында адам эволюциясының заңдылығын, қоршаған ортаның белгілі бір әсерінің нәтижесінде оның өзгергіштігін қарастырады. Адам денесінің, ағзасының құрылысын оның өмір сүру ортасымен бірге қарау жеке адам анатомиясын оның өмір сүру және еңбек дағдысымен бірге қарастыруға мүмкіндік береді, өйткені бұл мамандықтың мамандары жекелеген адамдарға тікелей медициналық көмек көрсетеді.

1.3. Модульдің міндеттері:

- ағзалар мен жүйелердің құрылымы туралы негізгі білімін қалыптастыру;
- жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету үшін ағзалардың орналасқан жері мен проекциясын анықтай білуге үйрету;
- дені сау адамның жасы мен жыныс ерекшеліктеріне қарай негізгі физиологиялық сипаттары туралы білім беру;
- тұтас реакциялардың қалыптасу негізгі заңдылықтары мен механизмдері туралы білім беру;
- адам организмнің өмір сүруін қоршаған ортамен өзара байланысы ретінде жүйелік білімді қалыптастыру;

1.4. Оқытудың соңғы нәтижелері.

1). ОҚЫТУ (ақпаратты басқару, сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларын қолдана отырып, өзінің оқу қажеттіліктерін мойындайды және оқу мақсатын қояды)

- өзінің үздіксіз кәсіби дамуын ұзақ мерзімді жоспарлау жауапкершілігін көрсетеді және өзіне қабылдайды және қойылған мақсаттарға жету үшін оқытудың ең тиімді әдістерін таңдайды.

- қиын жағдайларда мәселелерді және әлеуетті шешу жолдарын анықтайды, фактілерді, пайымдауларды қисынды талдайды және оның кәсіби қызметі шеңберінде негізделген шешімдер қабылдайды.

- анатомиялық және физиологиялық терминологияны меңгереді. Анатомиялық және физиологиялық препараттармен, оқу құралдармен жұмыс істеудің негізгі әдістерін жасайды;

- жасушалар, тіндер, ағзалар, жүйелер функциясының негізгі заңдылықтарын, олардың жалпы және жеке физиология тұрғысынан қарағандағы реттелу механизімінен біледі;

- тәжірибелік медицинада кеңінен қолданылатын адамның әртүрлі қызметтерін зерттеудің мәнін біледі;

- сау адамның физиологиялық көрсеткіштерін біледі. Жалпы организмнің реттелу механизмдерін түсіндіреді.

- тірек-қимыл аппаратын және бұлшықеттердің құрылымын, жіктелуін, функцияларын біледі;

-ас қорыту және тыныс алу жүйелерінің құрылымын, анатомиясын, топографиясын қызметін біледі;

- несеп-жыныс жүйесінің құрылымын, анатомиясын, топографиясын қызметін біледі;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы «Анатомия, физиология және патология» пәндері бойынша модульдік оқу бағдарламасы		044-81/11 21 беттің 4 беті

- жүрек-қан тамыр жүйесінің жалпы құрылысымен танысып, үлкен және кіші қан айналу үдерісімен танысады;
- жұлын және мидың құрылымын, нервтерінің түзілуін және олардың функциясын иннервация жасайтын аумақтарын, үдерісін сипаттайды;
- эндокринді бездерді атап өтеді және олардың қызметін біледі;
- сезім мүшелерінің топографиялық орналасуын және атқаратын қызметтерімен таныс болады;
- тері және оның қосалқы апараттарымен, олардың атқаратын қызметтерімен танысады.

2). ЭТИКА ЖӘНЕ КӘСІПҚОЙЛЫҚ. (мейіргерлік көмек көрсету үрдісінде пациенттермен, олардың отбасыларымен және әріптестерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде кәсіби этикалық қағидаттар мен нормаларға бейілділігін көрсетеді. Өз іс-әрекеттері мен жұмыс нәтижелері үшін жауапкершілік алады, сондай-ақ оң жұмыс жағдайын қолдайды- қоғамдық өмірге белсенді қатысады):

- қоғамдық өмірге белсенді қатысады, қоғамдағы мейіргерлердің рөлін нығайтуға ықпал етеді, әртүрлі мәдени және жас топтары адамдармен өзара іс-қимыл кезінде төзімділік танытады, субординация мен кәсіби ынтымақтастық сақтайды.
- кәсіби этикалық қағидаттарға бейілділігін көрсетеді, құпиялылықты сақтайды, пациенттердің өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілік шараларын түсінеді, пациенттердің/клиенттердің, отбасылар мен топтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында белгілі бір жағдайларда этикалық мәселелер туындаған кезде сыни бағалайды және шешімдер қабылдайды.
- жұмыс ортасының эстетикасын бағалайды және қолдайды, пациент үшін эстетикалық жайлылықты жасау және дүниетанымды байытуға үздіксіз ұмтылады.

3). БАЙЛАНЫС ЖӘНЕ КОМАНДАДА ЖҰМЫС ІСТЕУ. (технологиялардың кең спектрін пайдалана отырып, әр түрлі жағдайларда әртүрлі адамдармен тиімді өзара іс-қимыл жасай алады):

- мәдениет, сенім, салт-дәстүр, өмір салты және түрлі тілдердегі дүниетаным бойынша ерекшеленетін адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді.
- әр түрлі кәсіби топтарда жұмыс істей отырып, жауапкершілікті көрсетеді, бірлескен жұмыстың нәтижелілігі мақсатында өзін-өзі басқарудың жеке дағдыларын көрсетеді.
- кәсіби мақсаттарда тиімді ақпарат алмасу үшін түрлі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланады.
- емтихан қабылдаушылар мен оқытушылардың алдында өз білімдерін және дағдыларын көрсетеді;
- студенттер өз білімдері мен дағдыларын оқу эксперименттерімен немесе теориялық материалдармен түсіндіріп ашық сөз сөйлеу дағдыларын игереді;
- ашық баяндама жасау дағдысын меңгереді.
- өзінің жеке көз қарасын реферат, презентация, проект түрінде дайындап, оларды тәжірибелік сабақтарда, студенттердің үйірме отырыстарында, студенттердің ғылыми конференцияларында т.б ұсына алады;

1.5. Реквизитке дейінгі: биологияның мектептегі курсы.

1.6. Реквизиттен кейінгі: мейіргер ісі негіздері.

1.7. Тақырыптық жоспар: тақырыптар, қысқаша мазмұны, оқыту түрлері/әдістері/технологиялары және сабақтың ұзақтығы (аудиториялық сабақтар, симуляциялық сабақтар)

OŃTÚSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/11
«Анатомия, физиология және патология» пәндері бойынша модульдік оқу бағдарламасы		21 беттің 5 беті

1.7.1. Аудиториялық сабақтардың тақырыптық жоспары анатомия, физиология, патология

№	Тақырыптардың аталуы	Мазмұны	Сағат саны
1	Анатомия пәні және міндеттері. Тірек-қимыл аппаратының жалпы анатомиясы.	Анатомиялық терминология. Жазықтықтар мен біліктер. Анатомия пәні және міндеттері. Тірек-қимыл аппаратының құрамдық бөліктері. Остеология. Краниология. Артросиндесмология. Миология.	3
2	Асқорыту жүйесінің морфофункционалдық сипаттамасы	Асқорыту жүйесі ағзаларының құрылысы, топографиясы, синтопиясы, склетопиясы, голотопиясы, нервтендірілуі, қанмен қамтамасыз етілуі, веналық және лимфалық ағысы.	2
3	Тыныс алу жүйесінің морфофункционалдық сипаттамасы	Тыныс алу жүйесі ағзаларының құрылысы, топографиясы, синтопиясы, склетопиясы, голотопиясы, нервтендірілуі, қанмен қамтамасыз етілуі, веналық және лимфалық ағысы.	2
4	Иммундық және қан жасау жүйелерінің морфофункционалдық сипаттамасы	Иммундық және қан жасау жүйесі ағзаларының құрылысы, топографиясы, синтопиясы, склетопиясы, голотопиясы, нервтендірілуі, қанмен қамтамасыз етілуі, веналық және лимфалық ағысы.	2
5	Жүрек-қантамыр жүйесінің жалпы анатомиясы. Қан айналымының шеңбері. Микроциркуляторлы ағыс туралы түсінік. Лимфа жүйесі.	Жүректің құрылысы. Жүрек камералары. Жүрек қабырғаларының құрылысы. Перикард. Жүрек топографиясы. Үлкен және кіші қан айналым жүйелерінің артериялары мен веналары. Лимфа жүйесі.	2
6	Несеп-жыныс және эндокринді жүйелерінің морфофункционалдық сипаттамасы.	Несеп-жыныс және эндокринді жүйелерінің ағзалары. Құрылысы, топографиясы, синтопиясы, склетопиясы, голотопиясы, нервтендірілуі, қанмен қамтамасыз етілуі, веналық және лимфалық ағысы.	2
7	Нерв жүйесінің жалпы сипаттамасы. Нерв жүйесінің жіктелуі. Өткізгіш жолдары. Вегетативті нерв жүйесі. Сезім ағзаларының анатомиясы.	Жұлын және бас мидың құрылысы. Бас мидың қарыншалары. Аfferentті және эfferentті өткізгіш жолдары. Вегетативті нерв жүйесінің симпатикалық және парасимпатикалық бөлімдері. Сезім ағзаларының анатомиясы. Көру және иіс сезу ағзасы. Есту және тепе-теңдік, дәм сезу ағзасы. Өткізгіш жолдары.	2
1	Физиология пәні, жалпы сипаттамасы. Қозғыштық, қозғыш тіндердің биоэлектрлік құбылыстары. Қозу мен тежелудің	Физиология пәні - дені сау адамның тіршілік әрекеттері туралы ғылым. Қозғыш тіндер физиологиясы. Тыныштық потенциалы, әрекет потенциалы. Мембрана арқылы	3

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/11
«Анатомия, физиология және патология» пәндері бойынша модульдік оқу бағдарламасы		21 беттің 6 беті

	ерекшеліктері.	заттарды тасымалдау. Рефрактерлік. Қозу мен тежелудің ерекшеліктері.	
2	Асқорыту жүйесінің физиологиясы.	Асқорыту жүйесінің физиологиясы. Ауыз қуысы және асқазанның моторлық, сөліністік, сіңірулік, экскреторлық қызметтері. Ас ішектің моторлық, сөліністік, сіңірулік, экскреторлық қызметтері. Асқорытудағы бауыр және ұйқы безінің маңызы. Зат алмасудың маңызы. Негізгі алмасу. Рационалды тамақтанудың физиологиясы. Тамақтану режимі. Жылу реттелуі және түрлері.	2
3	Тыныс алу физиологиясы.	Сыртқы тыныс. Газдардың қан арқылы тасымалдануы. Өртүрлі ортадағы газдар диффузиясы. Тынысты зерттеу әдістері.	2
4	Қан физиологиясы. Эритроциттер. Гемолиз, оның түрлері. ЭТЖ. Лейкоциттер.	Ағзаның ішкі ортасы туралы түсінік. Қанның физикалық, химиялық жалпы қасиеттері. Қан құрамы, мөлшері және қызметі. Қанның формалық элементтері.	2
5	Жүрек пен тамырлардың құрылысы. Жүрек қызметінің зерттеу әдістері. ЭКГ. Гемодинамика көрсеткіштері	Жүрек етінің физиологиялық қасиеттері. Жүрек қызметі. Жүйкелік реттелісі. Жүректің вегетативтік жүйкеленуі. Тамырлардың функционалдық жіктелуі. Гемодинамика көрсеткіштері. Қан қысымы. Систолалық, диастолалық және айырымдық қысым.	2
6	Сыртқа шығару жүйесінің физиологиясы. Несеп түзу механизмі, оның реттелуі. Гипоталамус-гипофизарлық – бүйрекүсті жүйесі. Ішкі сөлініс бездерінің жеке физиологиясы.	Бүйректің құрылымдық қызметтік бірлігі. Несеп түзу негіздері және олардың реттелуі механизмі. Эндокриндік жүйенің құрылымдық-қызметтік ұйымдастырылуы. Гипоталамус-гипофиздік-адренал жүйесі. Ішкі сөлініс бездері. Физиологиялық қызметтердің гуморальді реттелуі. Гормондардың жалпы қасиеттері, жіктелуі. Гипофиздің, эпифиздің, қалқанша және қалқанша маңы, бүйрекүсті бездерінің қызметтері.	2
7	ОЖЖ-нің жеке және жалпы физиологиясы.	Нейрондардың морфофункционалдық жіктелуі. Нейронның физиологиялық қасиеттері. Нейронның қызметі. Нейроглия, жүйке талшықтары, түрлері, қозуды өткізу механизмі. Синапс және медиаторлар. Рефлекс – орталық жүйке жүйесінің бірлестіруші іс-әрекетінің негіздері. Рефлексстердің түрлері. Рефлексстік жолды	2

		талдау. Рефлектік шеңбер. Жүйке орталықтарындағы қозу. Жұлынның, сопақша, артқы мидың моторлық, сезгіштік, реттеуші, өткізгіштік, интегративтік қызметтері. Ортаңғы, аралық мидың және бас миының үлкен жарты шарының моторлық, сезгіштік, реттеуші, интегративтік қызметтері.	
1	Патологиялық физиология пәні, міндеттері және әдістері. Жалпы нозология. Жалпы этиология және патогенез. Реактивтілігінің дерттанудағы маңызы.	Патологиялық физиология және анатомия пәні, мақсаты, міндеттері. Патофизиологияның әдістері. Жалпы нозологияның негізгі түсініктері. Ауру, түсінігі, сатылары, аяқталуы. Этиологиямен патогенез туралы түсінік. Қабыну, түсінігі. Қабынудың этиологиясы, морфологиясы. Қабынудың негізгі құрамдас бөліктері – альтерация, экссудация, лейкоциттердің эмиграциясы, пролиферация. Қабынудың биологиялық маңызы. Қабынудың жергілікті және жалпы белгілері. Қабынуды емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары. Қабыну ағымының жас ерекшеліктері.	2
2	Қабыну. Гипоксия. Өспелер. Шеткері қанайналымының бұзылыстары	Қабыну, түсінігі. Қабынудың этиологиясы. Қабынудың негізгі құрамдас бөліктері – альтерация, экссудация, лейкоциттердің эмиграциясы, пролиферация. Қабынудың биологиялық маңызы. Қабынудың жергілікті және жалпы белгілері. Қабынуды емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары. Қабыну ағымының жас ерекшеліктері. Гипоксия туралы түсінік. Гипоксиялық жағдайлардың жіктелуі. Гипоксияның негізгі түрлерінің этиологиясы мен патогенезі. Гипоксиядағы тез және ұзақ мерзімді бейімделу серпілістері. Гипоксиялық жағдайлардың алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары. Гипоксиялық жағдайлардың жас ерекшеліктері. Шеткері қанайналымы бұзылыстарының негізгі түрлері. Артериялық және веналық гиперемия, ишемия, стаз, тромбоз және эмболияның себептері, дамуының тетіктері, сыртқы көріністері және салдарлары. Шеткері қанайналымы бұзылыстарының қалпына келтірудің патофизиологиялық ұстанымдары. Шеткері қанайналымы бұзылыстарының жас ерекшеліктері.	2

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/11
«Анатомия, физиология және патология» пәндері бойынша модульдік оқу бағдарламасы		21 беттің 8 беті

3	Ас қорыту патофизиологиясы.	Ас қорытудың жеткіліксіздігі. Ас қорыту және бауыр қызметі бұзылыстарының жалпы этиологиясы мен патогенезі.	2
4	Сыртқы тыныс алу патофизиологиясы.	Сыртқы тыныс алу жүйесі бұзылыстарының жалпы этиологиясы мен патогенезі. Тыныс жеткіліксіздігі туралы түсінік. Альвеолалық вентиляция, диффузия және перфузияның бұзылыстары. Сыртқы тыныс алу жүйесі бұзылыстарының алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары	2
5	Қан жүйесінің патофизиологиясы.	Анемиялар, анықтамасы. Анемиялардың этиологиясы, патогенезі, жіктелуі және негізгі гематологиялық көріністері. Эритроцитоздар, түсінігі, түрлері. Лейкоциттердің патофизиологиясы. Гемостаз бұзылыстары.	2
6	Жүрек патофизиологиясы.	Жүрек жеткіліксіздігі, жіктелуі, түрлері. Жүрек жеткіліксіздігінің теңгерілу және теңгерілмеу тетіктері. Миокард некроздары, себептері, патогенезі. Жүрек аритмиялар, жіктелуі, этиологиясы, пайда болуының тетіктері. Жүрек жеткіліксіздігінің, миокард некроздарының және жүрек аритмияларының алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары.	2
7	Бүйрек патофизиологиясы.	Бүйрек қызметі бұзылыстарының жалпы этиологиясы мен патогенезі. Шумақтық фильтрация, түтікшелік ре-абсорбция, секреция және экскрецияның бұзылыстары. Бүйрек аурулары мен зәр шығару жолдары ауруларының алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары	2
	Барлығы:		44
	Анатомия:		15
	Физиология:		15
	Патология:		14

1.7.2. Симуляциялық сабақтың тақырыптық жоспары анатомия, физиология, патология

№	Тақырыптардың аталуы	Мазмұны	Сағат саны
---	----------------------	---------	------------

1	Тірек-қимыл аппараты. Остеология. Краниология. Артросиндесмология. Миология.	Сүйек ағза ретінде. Сүйектің дамуы. Сүйектердің жіктелуі. Иық және жамбас белдеуінің, қолдың және аяқтың еркін бөліктерінің, тұлғаның сүйектері. Бассүйектің милық және бет сүйектері. Тұтас бассүйек. Сүйек қосылыстарының жіктелуі. Бас және мойын бұлшықеттері. Арқа, іш, кеуде бұлшықеттері. Иық және жамбас белдеуінің, қолдың және аяқтың еркін бөліктерінің бұлшықеттері.	4
2	Асқорыту жүйесі ағзаларының анатомиясы.	Ауыз қуысы ағзаларының, жұтқыншақ, өңеш, асқазан, аш ішек және тоқ ішек құрылысы. Бауыр және өт қуықтың құрылысы. Бауыр топографиясы. Бауыр жалғамалары. Ұйқы безінің құрылысы. Ішастар, және оның туындылары. Асқорыту жүйесі ағзаларының голотопиясы, скелетопиясы, синтопиясы, нервтендірілуі, қанмен қамтамасыз етілуі, веналық және лимфалық ағысы.	5
3	Тыныс алу жүйесінің ағзалары: құрылысы, топографиясы және функциясы.	Мұрын қуысы. Көмей. Көмей шеміршектері. Көмей бұлшықеттері. Көмей қуысы. Дыбыс шығару. Кеңірдек. Бронхтар. Өкпе құрылысы. Бронхтардың тармақталуы. Өкпенің сегментарлы құрылысы. Ағзалардың голотопиясы, скелетотопиясы, синтопиясы. Нервтендірілуі, қанмен қамтамасыз етілуі, веналық және лимфалық ағымы.	5
4	Жүрек-қан тамыр жүйесінің жалпы анатомиясы. Үлкен және кіші қан айналым шеңберлерінің артериялары. Жоғарғы және төменгі қуыс вена, қақпа венасының жүйесі.	Жүректің құрылысы. Жүрек камералары. Жүрек қабырғаларының құрылысы. Жүрек топографиясы. Үлкен және кіші қан айналым шеңберлерінің артериялары. Қолқа: өрлемелі қолқа, қолқа доғасы, төмендемелі қолқа. Сыртқы және ішкі ұйқы артериялары, бұғанаасты артериясы, қолқаның кеуделік және құрсақтық бөлімдерінің қабырғалық және ағзалық тармақтары, ішкі және сыртқы мықын артериялары. Жоғарғы және төменгі қуыс веналарының, қақпа венасының түзілуі.	5

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/11
«Анатомия, физиология және патология» пәндері бойынша модульдік оқу бағдарламасы		21 беттің 10 беті

5	Несеп-жыныс жүйесі ағзаларының анатомиясы.	Несеп-жыныс жүйесі ағзаларының топографиясы мен құрылысы. Бүйрек. Бүйрек фиксациясы. Бүйрек қабықшалары. Бүйрек астаушалары, тостағаншалары және несеппағар. Бүйрек тостағаншаларының форникальды аппараты. Еркек және әйел жыныс жүйесінің ішкі және сыртқы ағзаларының құрылысы мен топографиясы. Несеп-жыныс жүйесі ағзаларының голотопиясы, синтопиясы, скелетотопиясы, нервтендірілуі, қанмен қамтамасыз етілуі, веналық және лимфалық ағысы.	5
6	Орталық нерв жүйесі. Бас миының және жұлынның құрылысы. Шеткі нерв жүйесі. Өткізгіш жолдары. Вегетативті нерв жүйесі	Ми бөлімдері: топографиясы, құрылысы, қызметі. Ми қарыншалары. Жұлынның құрылысы. Бас -ми және жұлын нервтеріне жалпы шолу. Өткізгіш жолдар. Вегетативті нерв жүйесінің симпатикалық және парасимпатикалық бөлімдері.	5
7	Эндокриндік ағзалар. Иммундық жүйе. Көру мүшесі, құрылысы, қызметі. Көздің қосалқы мүшелері. Көз жастық аппараты. Тепе-теңдік және есту мүшелері. Құрылысы. Тері және оның туындылары.	Эндокриндік ағзалардың құрылысы, топографиясы, қызметі. Эпифиз, гипоталамус ядролары, гипофиз, қалқанша, айырша, ұйқы, бүйрекүсті және жыныс бездері. Иммундық жүйенің құрылысы, топографиясы, қызметі. Рефлекс доғасы туралы түсінік. Тепе-теңдік ағзалары. Құрылысы. Есту мүшесі, жалпы құрылысы. Тері және оның туындылары: эпидермис, дерма, тері бездері, май бездері. Шаш, тырнақ.	3
	<i>Аралық бақылау</i>	Өтілген теориялық симуляциялық сабақтарынан алған білімдерінің нәтижелерін қорытындылау.	1
1	Физиология пәні, жалпы сипаттамасы. Қозғыштық, қозғыш тіндердің биоэлектрлік құбылыстары. Қозу мен тежелудің ерекшеліктері. Қаңқа, жүрек, тегіс еттердің физиологиялық қасиеттері. Еттің жиырылуы түрлері және механизмі.	Физиология пәні - дені сау адамның тіршілік әрекеттері туралы ғылым. Қозғыш тіндер физиологиясы. Тыныштық по тенциалы, әрекет потенциалы. Мембрана арқылы заттарды тасымалдау. Рефрактерлік. Қозу мен тежелудің ерекшеліктері. Бұлшықеттің жиырылуы және босаңсу механизмі. Бұлшықеттің қажуы. Тегіс бұлшықеттердің морфо-физиологиялық ерекшеліктері.	4
2	Асқорыту жүйесінің физиологиясы.	Асқорыту жүйесінің физиологиясы. Ауыз қуысы және асқазанның моторлық, сөліністік, сіңірулік, экскреторлық қызметтері. Ас ішектің моторлық, сөліністік, сіңірулік, экскреторлық қызметтері. Асқорытудағы бауыр және ұйқы	5

OÑTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/11
«Анатомия, физиология және патология» пәндері бойынша модульдік оқу бағдарламасы		21 беттің 11 беті

		безінің маңызы. Зат алмасудың маңызы. Негізгі алмасу. Рационалды тамақтанудың физиологиясы. Тамақтану режимі.	
3	Тыныс алу физиологиясы.	Жылу реттелуі және түрлері. Сыртқы тыныс. Газдардың қан арқылы тасымалдануы. Өртүрлі ортадағы газдар диффузиясы. Тынысты зерттеу әдістері.	5
4	Қан физиологиясы.. Жүрек қызметінің зерттеу әдістері.ЭКГ. Гемодинамика көрсеткіштері.	Ағзаның ішкі ортасы туралы түсінік. Қанның физикалық, химиялық жалпы қасиеттері. Қан құрамы, мөлшері және қызметі. Қанның формалық элементтері. Тромбоциттер. Гемостаз. Қан топтары. Резус фактор. Иммуниет.Жүрек етінің физиологиялық қасиеттері. Жүрек қызметі. Жүйкелік реттелісі. Жүректің вегетативтік жүйкеленуі. Тамырлардың функционалдық жіктелуі. Гемодинамика көрсеткіштері. Қан қысымы. Систолалық, диастолалық және айырымдық қысым	5
5	Сыртқа шығару жүйесінің физиологиясы. Несеп түзу механизмі, оның реттелуі.	Бүйректің құрылымдық қызметтік бірлігі. Несеп түзу негіздері және олардың реттелуі механизмі.	5
6	Ішкі сөлініс бездерінің жеке физиологиясы.	Эндокриндік жүйенің құрылымдық-қызметтік ұйымдастырылуы. Гипоталамус-гипофиздік-адrenal жүйесі. Ішкі сөлініс бездері. Физиологиялық қызметтердің гуморальді реттелуі. Гормондардың жалпы қасиеттері, жіктелуі. Гипофиздің, эпифиздің, қалқанша және қалқанша маңы, бүйрекүсті бездерінің қызметтері.	5
7	ОЖЖ- нің жеке және жалпы физиологиясы. Вегетитивті жүйке жүйесі.	Нейрондардың морфофункционалдық жіктелуі. Нейронның физиологиялық қасиеттері. Нейронның қызметі. Нейроглия, жүйке талшықтары, түрлері, қозуды өткізу механизмі. Синапс және медиаторлар. Рефлекс – орталық жүйке жүйесінің бірлестіруші іс-әрекетінің негіздері. Рефлексстердің түрлері. Рефлектік жолды талдау. Рефлектік шеңбер. Жүйке орталықтарындағы қозу. Жұлынның,сопақша, артқы мидың моторлық, сезгіштік, реттеуші , өткізгіштік, интегративтік қызметтері. Ортаңғы, аралық мидың және бас миының үлкен жарты шарының моторлық, сезгіштік, реттеуші , интегративтік қызметтері. Вегетативті жүйке	3

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/11
«Анатомия, физиология және патология» пәндері бойынша модульдік оқу бағдарламасы		21 беттің 12 беті

		жүйесінің симпатикалық, парасимпатикалық, метсимпатикалық бөлімдерінің орталық және шеткі бөлімдері туалы түсінік. Вегетативтік жүйкелендірудің маңызы	
	<i>Аралық бақылау</i>	Өтілген теориялық симуляциялық сабақтарынан алған білімдерінің нәтижелерін қорытындылау.	1
8	Патологиялық физиология пәні, міндеттері және әдістері. Жалпы нозология. Жалпы этиология және патогенез.	Патологиялық физиология және анатомия пәні, мақсаты, міндеттері. Патофизиологияның әдістері. Жалпы нозологияның негізгі түсініктері. Ауру, түсінігі, сатылары, аяқталуы. Этиологиямен патогенез туралы түсінік.	5
9	Аллергия. Қабыну. Гипоксия.	Аллергия, анықтамасы, этиологиясы. Аллергендер, олардың түрлері. Аллергиялық серпілістердің жіктелуілер және жалпы патогенезі. Аллергиялық серпілістердің алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары. Аллергиялық серпілістердің I, II, III, IV түрлерінің патогенезінің ерекшеліктері. Көп тараған аллергиялық аурулардың көріністері мен патогенезі. Аллергиялық серпілістеріағымының жас ерекшеліктері.Қабыну, түсінігі. Қабынудың этиологиясы, морфологиясы. Қабынудың негізгі құрамдас бөліктері – альтерация, экссудация, лейкоциттердің эмиграциясы, пролиферация. Қабынудың биологиялық маңызы. Қабынудың жергілікті және жалпы белгілері. Қабынуды емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары. Қабыну ағымының жас ерекшеліктері.Гипоксия туралы түсінік. Ги-поксиялық жағдайлардың жіктелуі. Гипоксияның негізгі түрлерінің этиологиясы мен патогенезі. Гипоксиядағы тез және ұзақ мерзімді бейім-делу серпілістері. Гипоксия-лық жағдайлардың алдын алу мен емдеудің патофизиоло-гиялық ұстанымдары. Гипок-сиялық жағдайлардың жас ерекшеліктері	5
10	Ас қорыту патофизиологиясы. Бауыр патофизиологиясы.	Ас қорытудың жеткіліксіздігі. Ас қорыту және бауыр қызметі бұзылыстарының жалпы этиологиясы мен патогенезі.	5
11	Сыртқы тыныс алу патофизиологиясы.	Сыртқы тыныс алу жүйесі бұзылыстарының жалпы этиологиясы мен патогенезі. Тыныс жеткіліксіздігі туралы түсінік. Альвеолалық вентиляция, диффузия және перфузияның	5

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/11
«Анатомия, физиология және патология» пәндері бойынша модульдік оқу бағдарламасы		21 беттің 13 беті

		бұзылыстары. Сыртқы тыныс алу жүйесі бұзылыстарының алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары	
12	Қан жүйесінің патофизиологиясы .	Анемиялар, анықтамасы. Анемиялардың этиологиясы, патогенезі, жіктелуі және негізгі гематологиялық көріністері. Эритроцитоздар, түсінігі, түрлері. Лейкоциттердің патофизиологиясы. Гемостаз бұзылыстары	5
13	Жүрек патофизиологиясы.	. Жүрек жеткіліксіздігі, жіктелуі, түрлері. Жүрек жеткіліксіздігінің теңгерілу және теңгерілмеу тетіктері. Миокард некроздары, себептері, патогенезі. Жүрек аритмиялар, жіктелуі, этиологиясы, пайда болуының тетіктері. Жүрек жеткіліксіздігінің, миокард некроздарының және жүрек аритмияларының алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұста-нымдары. патофизиологиялық ұстанымдары.	5
14	Бүйрек патофизиологиясы.	Бүйрек қызметі бұзылыстарының жалпы этиологиясы мен патогенезі. Шумақтық фильтрация, түтікшелік ре-абсорбция, секреция және экскрецияның бұзылыстары. Бүйрек аурулары мен зәр шығару жолдары ауруларының алдын алу мен емдеудің	3
	<i>Аралық бақылау</i>	Өтілген теориялық симуляциялық сабақтарынан алған білімдерінің нәтижелерін қорытындылау.	1
	Барлығы:		100
	Анатомия:		33
	Физиология:		33
	Патология:		34

1.8. Оқытудың және білім берудің әдістері:

Анатомия пәні бойынша:

- **Аудиториялық сабақтар:** Презентация түріндегі оқу
- **Симуляция:** анатомиялық препараттармен, муляждармен, кестелермен, планшеттермен жұмыс жасау, кіші топтарда жұмыс жасау, ауысша сұрау, тестілік тапсырмаларды шешу, ситуациялық тапсырмаларды шешу.

Физиология пәні бойынша:

- **Аудиториялық сабақтар:** Презентация түріндегі оқу
- Симуляция:** кіші топтарда жұмыс жасау, ауысша сұрау, тестілік тапсырмаларды шешу, ситуациялық тапсырмаларды шешу.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Морфологиялық пәндер кафедрасы		044-81/11
«Анатомия, физиология және патология» пәндері бойынша модульдік оқу бағдарламасы		21 беттің 14 беті

Патология пәні бойынша:

- **Аудиториялық сабақтар:** Презентация түріндегі оқу.

Симуляция: кіші топтарда жұмыс жасау, ауысша сұрау, тестілік тапсырмаларды шешу, ситуациялық тапсырмаларды шешу.

1.9. Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау әдістері:

Ағымдағы бақылау: тест тапсырмаларын шешу, анатомиялық құрылымдарды муляждарда, планшеттерде, кестелерде немесе анатомиялық препараттарда көрсету арқылы ауызша сұрау, кестелермен жұмыс.

